

12005-

13825

Кауыл
КИТАПХАНАСЫ

Қайролла
ЖӘКЕНҰЛЫ

Сырлы
СЕЗІМ
сәулесі





Қайролла ЖӘКЕНҰЛЫ

Сырлы СЕЗІМ сәулеі

ХИКАЙТАР МЕҢ ӘҢГІМЕЛЕР

Алматы
«Қайнар»
2004

ББК 84 Қаз 7-44
Ж 73

*Қазақстан Республикасы
Ақпарат министрлігінің бағдарламасы
бойынша шыгарылып отыр*

Жекенұлы Қ.

Ж 73 Сырлы сезім сөүлесі. Алматы: «Қайнар» баспасы,
2004. – 184 бет.

ISBN 9965-9325-6-5


Жазушы Қайролла Жекенұлының шығармашылығы оқырмандарға таныс. Бұл кітабына оның үлкен тәрбиелік мәні бар «Сырлы сезім сөүлесі», «Нақақ көздің жасы», «Шонай балалары», т.б. хикаялары мен әнгімелері енгізіліп отыр.

Ж 4702250201
403(05)-04

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-9325-6-5

© Жекенұлы Қ., 2004
© «Қайнар» баспасы, 2004



СЫРЛЫ СЕЗІМ СӘУЛЕСІ (Хикаят)

Пойыз Жаңаарқадан жылжыған бойда-ақ вагон терезесінен телміріп отырған екі балаң жігіт туған ауылдарынан жыраққа алғаш рет сапар шегіп тұргандарын жаңа түйсінгендей, бір-біріне мұная қарады. Бірі жасы 15–16-лардағы Жөкен – оқу іздел бара жатса, екіншісі – 18–19-дардағы Сембай – әлгі нағашысын оқитын жеріне шығарып салып бара жатыр. Баратын жерлері – Қызылжар. Ондағы іздел таппақ адамдары – бірінің ағасы, екіншісінің нағашысы – Сәрсенбайдың Сәкені болатын.

Сәкен – қаланың сауда мекемелерінің бірінде жұмыс істейтін, қызметтестері арасында беделді, пысық жігіт. Әлі үйленбеген. Сондағы немере ағасы Аманжанның үйінде тұрады.

Екі жасөспірім кездескен жұрттан сұрай-сұрай бұл үйді тауып келгенде, бауырлары мен жиендерін көріп, ағайынды адамдар бір арқа-жарқа болысты.

Сембай жоқшылықты көп көрген, жетім оскен бала болғандықтан да, төнірегіне үнемі зер сала қарайды. Өзгенің тұрмысын өзінікімен салыстыра отыруды дағдыға айналдырыған. Өзін кіммен салыстырса да ылғи корланып қалатын. Бақса, ішсе, тамаққа, кисе киімге жарыған күні болмапты. Шиеттей балаларымен жесір қалған шешесі Бәтима бұларды «тістелеп жүріп» дегендей жеткізді. Сембай ер жеткенімен, әлі де шешесін бейнеттен арылтып, шаруаларын «дөңгелентіп» әкете-тіндегі дәрежеде емес еді. Жалданып тапқан азын-аулақ табысы күнделікті ас-судан аспайды. Әлі күнге үстінде жібі түзу костюм-шалбары да жоқ. Жыртық-жамаулы

киімімен жүре беретін. Қызылжарға да сол қалпында келді. Мұнда келгенше ешнөрседен дәмеленбесе де, нағашыларының тәп-тәуір түрмисын көріп, «маған ең болмаса өздерінен қалған көнетоз бүтін киімдерінен бермес пе екен?» деп те ойлап қояды. Бірақ онысын сезіп жатқан ешкім жоқ сияқты. Келгендеріне жарты айға жуықтаса да, мұның сырт бейнесіне еш өзгеріс енбеген. Рас, нағашысы жиені мен інісіне қалада корсетпеген жер қалдырмады. Тіпті Алматыдан келіп жатқан әртістердің «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесаларын да тамашалатты, қаладан жырақтау жердегі бір ауылда тұратын бұның жамағайындарына да апарып келген. Әйтсе де жүрген жерінде үстіндегі жамаулы киімдерінен қорынған Сембай бұл қалада бұлай жүре берудің әбестігіне күн өткен сағын көзі жеткендей болып, «елге барысымен жұмыс істеп, ақша тауып, бәрін жиып қойып, ең алдымен киінуім керек екен» деп түйді. «Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек» дегенді халық бекер айтқан ба, үстіндегі киімі дұрысталмай тұрып, ел-жүртқа корінудің өзі үят екенін ол енді ғана үқандай еді. Ауылда жүргенде бұның үстінде не бар-не жоғын ешкім ескермейтін де сияқты-тын. Тек өсе келе Сембайдың өзі қызы-қырқыннан аулақтау жүргуге тырысатын болған. Сөйлесе қалса, қысқа ғана жауаптасып, сырғақтап кетудің сөтін күтумен болушы еді. Себебі киімінен үялатын. Өні-түсі ешкімнен кем болмағанымен, осы кү жоқшылықтан көресіні көріп бақты. Қорланған сәттерінде қасында Нәфіла жоқтығына ғана тәубә етуші еді. Сол көрмессе екен деп тілейтін өзінің мұскін халін. Сейте отыра оны қатты сағынатын. Көріспегелі де төрт жыл болған-ды.

Нәфіла – Сембайдың бір ағайын-туыстарының Нұра жақта тұратын қыздарының баласы. Жастау кезінде жазғы каникулын жылда Жаңаарқадағы нағашыларыніңде откізуші еді. Сембай Нәфиламен сол кезден таныс. Өзі қатарлы басқа балалар аз болғандықтан ба, Нәфіла көбіне Сембаймен ойнайтын. Мешін жылғы ашаршылықтан кейінгі жылдар ғой, елдің түрмисы аса ауыр еді. Балалардың аздығы – мешінде қырылып

қалудың салдары. Дегенмен, құр қол отбасы жоққа тантық. Құдайдың бергенін туып, тежеу дегенді білмеген халық қой, әр қазақтың екі-үштөн баласы барды. Нагила Сембайдан екі жастай кіші болғанымен, қатарлас оқитын. Өуелде туыстық жағынан іш тартып, бірге ойнайтын бұлар, өсе келе бір-бірін іштей ұнатысып та қалған. Он екідегі қыз бен он төрттегі ұлдың арасындағы сол бір нәзік сезім кезекті оку жылы басталысымен-ақ бір-біріне хат жазысуга итермелейтін. Ол хаттар амандық-саулықтан, екі жақтың жаңалықтарынан әрі аспағанымен, бір түрлі сағынышқа толы болушы еді. Сол алғашқы хат жазысқан жылы-ақ Молдарақымдар Ақмолаға көшіп кетті де, Нұрадағы Нагила нағашысының қолында оқуға қалаға ауысып тынды. Енді каникулда Жаңаарқаға келудің мүмкіндігі жойылғанымен, екі жасөспірімнің хат арқылы байланысы күшіне түсті. Бірақ бір-біріне жол ашылмай-ақ қойған. Сембай осы Қызылжарға сапарынан қайтар жолда Ақмолаға соға қайтуды да бір ойлаған. Жыртық-жамау киімі есіне түскенде ойы әлем-тапырық болып, өзін қоярға жер таппай, пұшайман болды. Енді не қылса да тезірек жөндем киім тауып киіп, өзі үшін ең аяулы жанға айналған Нагиланы көру – бар арманы. Осы ой жетегінде жүріп, бір күні Сембай Сәкен нағашысына:

- Нагашы, енді менің қайтқаным жөн шығар, – деді көнілсіздеу кейіпте.
- Неге асықтың? Біраз жата түрмадың ба? – деді Сәкен жиенінің келіспей тұрған жүзіне барлай қарап.
- Енді бір аптадан кейін үйленемін. Тойда болып кетпейсің бе?
- Жоқ! – деп кесіп айтты Сембай. «Тойдағы жұртқа қай көркімді көрсетпекпін. Менің жарымаған жетім жиенім – осы деп таныстырмаксың ба қалыңдығыңа» деген ой көмейіне кептелгенімен, сыртқа шықкан жоқ.
- Кетуім керек! Ертеңнен қалмай көтемін!
- Онда бүгін билет алып қояйық, – деді Сәкен жиенінің айтқанынан қайтпайтын райын танып. – Жүр, вокзалға барайық.

Вокзалға барып, билет алғаннан кейін Сәкен:

— Үйді білесің ғой, өзің бара бер. Мен біраздан соң барамын, — деп, көшениң арғы бетіне шыққан соң екеуі екі айырылды. Сембайда үн жок. Тұнжыраңқы қалпы. Әлденеге ашулы сияқты. Басын төмен салған қалпы жүріп келеді. «Е-е, нағашыға жарыған екенмін! Құр қызыл тіл. Жай-күйімді көріп отырып, бір мезіреті де қылмады ғой» деген ой санасын сұққылап, басынан шықпай қойды. Кейде «өзі үйленейін деп жүрген соң, артын ойлайтын шығар» деген ой да жылтың етеді. Дегенмен «қатал екен» деген байлауы басымдық танытып кетеді. Жолай Ақмолаға соғып, Нағиланы іздеу ойынан да күдер үзе бастады. Мына күйінде қалай барады? Қайыршы күйін қайтіп көрсетпек?

Сәкен кештете оралды. «Қалыңдығыңа барып келдің-ау? — деп ойлады Сембай. — Үйленейін деп жүрген адам басқа нені ойласын. Шіркін, менің Нағилам не істеп жүр екен? Қазір каникул ғой, Нұрадағы өз үйіне кеткен шығар. Соңғы рет жазған хатында ол «1941 жылғы 1 сентябрьден бастап хат жазықтанша сау болайық!» демеп пе еді. Ендеше, Ақмоловада ол жоқ болса, не деп барамын...» Соңғы ойына өзі де қуанып кетті. Кешкі ас ішіліп, ел жатқаннан кейін де, Сембай қасына Жөкенді ертіл сыртта көп жүрді. Әр нөрсені айтады кішкентай нағашысына. Бірак «сенің ағаң сараң екен» дей алмады. Бастапқыда айтам-ақ деп оқталғанымен, жеме-жемге келгенде ол ойынан тайқып шыға берді. «Біреуді-біреу асырап-сақтауға міндетті емес. Әркім өз күнін өзі көруі керек. Апасынан туғандығымды міндетсітін жөнім жоқ» деген тоқтамға өзін жеңдірген Сембай Жөкенге оңашада ақыл-кеңесін айтқансып, ақыры төсектеріне келіп жатты.

Танертең бұлар оянғанда Сәкен үйде жоқ еді. Қызметіне кетіп қалыпты. Өзінің бүгін жол жүретінін біле тұра, коштаспай кеткеніне Сембай қатты ренжіді. Ең болмаса «Бәтимаға сәлем айт!» деуге жарамаған нағашысынан не үміт, не қайыр! Ашулы қалпында Аманжан нағашысына келіп:

— Мен станса жаққа барам, сол жерден пойызға

мінемін. Ал, есен-сая болыңыздар! – деді Сембай. Өмірі асып-саспайтын, баппен сөйлейтін Аманжан жымия күліп:

– Жоқ, Сембай, сен асығыстық жасама. Пойызға шейін әлі қайда!? Бұғіннен қалмайсың. Қазір Сәкен келеді. Екеуміз ат-арбамен шығарып саламыз, – деді Сембайды иығынан қағып.

Амалсыз қонген Сембай түскі тамаққа келгенше дегбірсізденіп бітті. Пойыздан қалып қоятындаі көреді. Бір кезде қолында ыңқиған қара чемоданы бар Сәкен де жетті-ау! Келе қара чемоданды іргеге қоя салып:

– Жеңеше, тамақ дайын ба? – деді.
– Дайын. Міне, түсіріп жатырмын, – деді жеңгесі ас үйден дауыстап.
– Әужеке, атты жегіп қойып па едіңіз? – деді, енді ол ағасына қарап.
– Асығыс не, ас ішкен соң да жегіледі ғой, – дейді ағасы жайбарақат.

– Дегенмен, уақыт тығыздау бола ма деп жатқым ғой, – деп Сәкен қолын жууға кірісті. Ас ішіліп болған соң, Сәкен қолындағы үлкен «Киров» сағатына бір қарап қойды да:

– Ал, енді жолға өзірленейік, – деп орнынан тұрды. Аманжан ат жегуге кетті. Сембайдың өзірленетін түгі жоқ боса-болмаса. Жеңгесі «жол азық» деп, өзірленген тамактан бірденелерді кішкентай бір қалтаға салып жатыр. Сәкен қолын жуып келді де, манадан мелшиіп тұрған қара чемоданды қолына алды. Сол сәтте-ақ Сембайдың жүрегі атқактап сала берді. Тап бір бірденені сезгендей еді. Нагашысы әлгі чемоданды үстелдің үстіне әкеп қойып, ашып жібергенде, ен үстінде қара галстук, оның астында жені ұзын ақ көйлек жатты. Мұның өзіне арналғанын сезген Сембай буынан әл кетіп, қозғала алмай қалғандай халде еді. Сол сәтте нагашысы:

– Секіжан, үстіндегілерді шеш, – деп, көйлекті алып жиеніне үстата бергенде, оның астында жатқан сары костюмнің жағасын да Сембайдың көзі шалып қалып еді. Көйлекті киіп жатып: «Шіркін, ана костюмді

де маған алды ма екен?» деп ойлап үлгерді. Енді бір сәтте атты жегіп болған Аманжан үйге кіргенде, үстінен су жаңа көйлек, оның сыртынан костюм-шалбар киғен, галстук таққан, басына картуз, аяғына жалт-жұлт еткен туфли киғен, тіпті көйлектің сыртынан буынатын жібек шашақты белбеу, женіне резеңке таққан Сембайды көріп:

— Қасыңа енді бір бойжеткен жетлей тұр екен, — деді.

— Қаласа, оны да тауып береміз, — деді Сәкен жаңа киім киғен соң көп-көрім жігіт болып қалған жиеніне сүйсіне қарап. — Өзі тойға қалмады ғой. Бір құдашны қосар едік.

— Жоға, — дей берді Сембай ыржалактап. Кешеден бергі тұксиген қабак жазылып кетіпті. Төбесі көкке сәл-ақ жетпейтіндей күйдегі Сембай нағашысына алғыс айтуды да ұмытып бара жатқанын енді сезіп:

— Рахмет, нағашы! Ұмытпаспын! — деді күбірлеп.

— Секіжан, сен бекер асықтың, женген түскеннен кейін қайтқаның жөн болар еді. Енді осыны аз да болса көптей көр, — деді де, Сәкен чемоданның түбінде қалған заттарды нұсқап:

— Мынау әпкемнің көйлегі, шайы, қанты, тағы-тағы бірденелер, — деді мұрның тыржитып, қолын сілкілеп.

Сембай болса нағашысының сөзінің бірін ұқса, бірін ұқпайды. Бақыттан басы айналғандай. Қиялымен алысқа шырқап кеткен. Шарқ үрған көңіл өзінің осындағы қуанышты сәтінде қасында Нағиласы болса деп тілейді. Жасы он тоғызға келгенде тұнғыш рет шыттай бол киінген балаң жігіттің жанын өзінен басқа кім түсінсін!

* * *

Ауылға келген соң Сембай аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің шебін шабысып, ақша табу үшін енбекке араласып кетті. Аудан орталығынан 3–4 шақырымдай ғана жерде орналасқан шөпшілер қосына келгеніне де он шақты-ақ күн откен. Дегенмен, мұндағы жұмысқа тез төсөлді. Бригадирлері Кәрім деген кісі еді. Бір күні таңертең ерте ауданға кеткен ол бір сағат өтер-өтпесте қайтып келе жатты. Өз айтуынша,

кешке қарай бір-ак оралуға тиіс болған кісінің мына сүйт жүрісін көрген үш-төрт үйлі ауыл өре тұрып, оны дегбірсіздене қарсы алды. Тақап қалғанда алдынан жүгіріп шыққан үш-төрт жасар Өтеш есімді баласын да керек қылмастан, жиналғандардың ортасына келіп, аттан түсті де:

— Соғыс! — деп жүрелей отыра кетті.

Бұл сөзді алғаш естігенде Сембай селк ете қалды. Иле-ақ есін жиып:

— Кәке-ау, не соғыс? Кіммен кім соғысып жатыр?

— деді ол.

— Бүгін таң алдында ғана немістер бізге соғыс ашыпты. Енді күніміз не болады? — деген сұраулы жүзбен Кәрім жүрттың бәрін көзімен сүзіп шықты. Эйелдер жағы жылап, еркектер абдырасып, шағын ауыл абыр-сабыр болды да қалды.

2

«Соғыс басталды» дегенді естігенде-ақ Нагила шошып кетіп, анасынан:

— Соғысқа нешеден бастап алады екен? — деп сұралған.

— Он сегізден, — деді шешесі қызына қарап, — немене сенің де барғың келе ме?

— Қыздарды алмайтын шығар? — деуін десе де, Нагиланың ойында өзі емес, Сембай тұрганын анасы, әрине, сезген жок. Нагила өзінен екі жас улken Сембайдың биыл он тоғызға келгенін ойлағанда-ақ дүние астан-кестең болып кеткендей, көnlі құлазып қалды. Бірден ойлағаны: «Бізді кездесуге жазбаған екен құдай. Бес жыл бойына хат жазысқанымыз болмаса, дидарласпаған соң, оның қандай болып ер жеткенін де көрmedім-ау. Тым болмаса суретін де алмаппын фой. Енді ол соғысқа кетсе, аман-есен келе ме, қелмей ме? Келсе жақсы, келмессе алғашқы махаббатымды көрмей-ақ, кеткенім бе?!»

Нагила шешесіне білдіртпей Сембайға хат жазды. Өзінің соғыс туралы хабарды естігенде қатты шошынғанын, мұны керемет көргісі келіп кеткендігін, бірақ

қандай болып өскенін елестете алмай, пүшайман болғанын, қанаты болса қазір ұшып жетуге өзір екендігін егіле отырып жазды. Нағашыларының Ақмолаға кete қойғанына енді өкініп отырғанын да жасырмады. Бес жыл бойына қаланы көруді сылтауратып болса да, өзін іздең бір келмегеніне өкпесін де айтты. «Мен жігіт болып, сен қызы болсан, Жанаарқаға өлденеше рет барап едім-ау» деп те қойды. Не керек, көкірегінде сайрағанының бәрін қағаз бетіне төкті. Ең соңында: «Құдай жазса – кездесерміз, жазбаса – амал қанша! «Қайда жүрсөн аман бол!» дегеннен басқа қолымнан не келеді. Өзінің Нағилаң» деп қолын қойды. «Бірақ соғысқа бара қалсан» деген сөзді аузына алған жок. Қанша оқталса да, олай деп жазуға жүргі дауаламаған.

Хатын салып жібергеннен кейін де Нағила Сембайды ойынан шығарған жок. Тек қандай екенін көз алдына келтіре алмайды. Бұдан бес жыл бұрынғы он төрт жасар бозбала күлімсіреп бұған қарап тұрғандай боллады да тұрады.

..Нағила мен Сембай ең алғаш рет бірін-бірі осыдан сегіз жыл бұрын көрген. Шешесі біріншіні бітірген Нағиласын ертіп, Жанаарқаға төркіндеп келді. Сембай да сол жылы біріншіні бітіріп еді. Үйіне қонақтап келген кісілерге ере келген кішкентай қызға ол тіпті назар да салған жок. Аласы оған «Бар, Нағилашты ертіп ал да, далаға ойнаңдар» дегенде ғана қызға қарай мойын бұрды. Онда да «жүр, ойнайық» деп елп ете қалған ол емес, қыздың өзі еді. Баланың аты – бала ғой, сол уақытта не ойын ойнағандары Нағиланың есінде қалмапты. Бірнеше бала ойнап жүріп, бұны бір үл итеріп қалғанда құлап қалып, тізесін жарап алғаны есінде. Сонда бірінші болып жүгіріп жеткен Сембай:

– Қатты ауырып түр ма? – деп, кішкентай алақа-нымен тізесін ұстағысы келгенде, бұл бұлқынып:

– Ауырады, тақалмашы! – дегені бар.. Одан орнынан қашан тұрып кеткені белгісіз, әлгі баланы қолынан сүйрелей өкеліп: «Қане, кешірім сұра!» – деп қадалып тұрғаны да күні бүгінгідей жадында қалыпты. Тағы бірде Сембайдың өзіне велосипед тебуді үйреткені, өбден үйреніп алғаннан кейін екеуі жарысып, үнемі

бұның озып келетіндігі, ондайда «Сен молодецсін! Күшті спортшы болайын деп тұрсың!» деп мақтайдыны ойна оралды. Бірақ оның өзін алдап жүргені бір жолы ашылып қалды. «Сембайдан озғанда, осыдан қалам ба?» деген оймен бір жолы көрші үйдің ұлымен жарысқа түскені бар. Әлгі бұны шаң қаптырып кетті. «Шынында да, мынау Сембайдан күшті екен!» деп ойлаған да қойған. Ол күні Сембай ауылда жоқ еді. Келген соң, әлгі баламен екеуін қоярда-қоймай жарыстырмасы бар ма?! Қыз алдында намысқа тырысты ма, екеуі де құйынданай үшты дерсің. Нағила өз көзіне өзі сенбеді. Өзімен жарысқандағы Сембайдың қимылы жай өншейін екен. Мына жолы аяғы аяғына жүқсайшы! Анау да барын салуда. Ақыры Сембай мәрепден бұрын өтті. Қолын шапалақтап, аспанға секіре қуанды Нағила. Өзінен озып кеткеннен озып, өшін алып бергендей болғанына қуанды ма екен, әлде Сембайға бүйрекі бұрып тұрды ма, қазір тап басып айта алмайды. Бірақ қуанышы ұзаққа созылмады. Велосипедшілердің қасына жүгіріп жеткені сол еді, әлгі бала бұған:

— Сембайдан озамын дейсің, ол сенен өтірік қалып қояды, — деді ентігін баса алмай тұрып. Сол сәт бұл Сембайға жалт қараған. Қыз алдында абыройы асқанына масаттанып тұр ма, әлде қызды алдап келгеніне мәз бола ма, күлімсіреп тұр екен. Нағила үндеместен жалт бұрылды да, нағашысынікіне қарай жүгіре жөнелді. Бұл — төртіншіні бітірген жылы еді. Каникул да бітуге тақаған уақыт болатын. Сембай өзі келіп кешірім сұрамаса, енді онымен ойнамаспын деп дoldанып келе жатқанда, есік алдында тұрған бөтен ат-арбаны көрді. «Кім болды екен?» деп ойлап үлгергенінше, үйден әкесі шығып келе жатты. Қуанып, мойнына асыла кеткен. Ертеңіне бұлар Нұраға қайтып кетіп еді. Сондағы Сембайдың күлімсіреген жүзін Нағила түсінде де талай көрген. Үндемейді. Қүлімсірейді де тұрады. Кеше де көрді түсінде. Сол қалпы.

* * *

Сембайда да соғыс басталғаннан бері маза жоқ. Жалғыз ол ғана ма, бүкіл ел беймаза халге тұскен. Вокзал басы күнде у-шу. Аудандық өскери комиссариат шақыруы бойынша майданға жарамды ер-азаматтар эшалон-эшалон болып соғысқа аттанып жатыр. Күн сайын дерлік бірде туысын, бірде жерлесін, бірде көршісін жөнелтіп, азан-қазан болып жатады жұрт. Әсіресе эшалон орнынан қозғалардағы сәт жылау-сықтауға толып, вокзал басы күніреніп кетеді. Әйелдер жағы дауыс қоятын, еректер оларға басу айтқан болады. Әйтпесе олардың да іштері үдай ашып түрғанын көздеріндегі мөлтілдеген жастан анғару қыын емес. Бәрі бірдей емес, діні беріктері де жеткілікті. Көздерінен жас шығармақ түгілі, дауыстарынан жарқыншақ білінбейтіндері қаншама! Сембай сондайларға іштей қызығады. Өзі де сондай мығым болуға тырысып бағады. Соғыс басталғаннан күзге шейіннің өзінде бірнеше туыстарын шығарып салды. Енді өзіне де кезек таянғанын сезеді. Өйткені өзі құралпылардың алды жөнелтіле бастаған. «Енді мені қашан шақырап екен» деп жүргенінде, желтоқсаның бас кезінде, Сембай да өскери комиссариаттан шақыру қағазын алды. Көптен күтіп жүргендіктен бе, жүрексінген жоқ. «Өзекті жанға бір өлім» деген, ажал қайда да болса табады, онаң да ел қатарлы майданға араласып, Отан қорғауға үлесімді қоссам деген тілек Сембай жүрегіне баяғыда-ақ үялаған. Тек өкінетін бір-ақ жағдайы бар. Нағиласын көре алмай кететін болды. Өткен жолы оның жазған хатына үяла-үяла отырып, оны жанымен қалайтынын, көргісі-ақ келеді, бірақ мынандай жағдайда ешқайда шыға алмайтынын айтып, жауап жазған. Хатын «ендігі хатты, бәлкім, майданнан жазармын, ал сен оқуыңды тастамай бітір,» – деп аяқтаған. Содан бері де бес айдай өтіпті. Одан жауап хат келмеді. Мүмкін, майданнан хат күтумен жүрген шығар. Өзі де қайталап хат жазбаған. Енді, міне, қолына шақыру қағазын ұстап отырып, бес жылдан бері көрмеген аяулы жанды ойша елестетіп, қиял жетегінде кетіп барады. Нағиланы

қанша бойжеткен шығар деп ойласа да, аппақ бантиксіз елестете алмайды. Өйткені оны үнемі ақ бантикпен көрген. Соңғы жолы, ренжітіл алған сәтінде де, Нагиланың басында қос ақ бантик болып еді. Түсінде де өзінен велосипедпен жарысқанда өтірік қалып қойып жүргенін естіген кездегі он екі жасар талдырмаш қыздың бұртиып жүргенін көретін. Бірақ ешқашан ақ бантиксіз болған емес. Ақ бантиктің Сембайдың есінде қалар тағы бір жайы бар. Бір жылы бұлар ауыл іргесінен ағатын Сарысу өзеніне шомылып жүргенде Сембай тік жарқабақтан суға секіріп түсемін деп, су түбіндегі сынған шөлмекке табанын ондырмай тілгізіп алғаны бар-ды. Аяғы судай қанаған Сембайға өзгеден бұрын осы Нагила көмек қолын созған. Басындағы бантигін шешіп алып, Сембайдың табанына өуелі үлкен жапырақ жапсырып, оның үстінен әлгі бантикпен қатты таңып беріп еді. Таңып болған соң «до свадьбы заживет» деген күліл. Сол сөзі есіне түсіп, Сембай Нагиланы бір көрудің ретін қалай тапсам деп аласұрды.

Ертеңіне медициналық тексеруден өтуге барғанда Сембайдың көктен іздегені жерден табыла кетті. Оған Ақмоладан рентгеннен өтуге жолдама берілді. Мұндай қуанбас! Нагашысы киіндіріп жібергеннен кейінгі шаттанған сәті осы ғана болар. Нагиламен жүздесудің сәті енді түсер деп жүрегі алып үшады. Ақмолаға баруын барғанмен, Нагиланы табудың оңай еместігін де біледі. Қанша хат жазысқанмен, Сембай оның толық адресін білмейтін. Хатты қалалық почтамтқа жолдап жүрген. Үйіндегілерден қымсына ма, Нагила өзі сондай талап қойған. Неғылса да бара көрмекке бекінген Сембай, осы жақтан Ақмолаға былтыр ғана көшіп кеткен ағайындары Тәжікейдікіне түспек ниетте еді. Оның да адресін білмейді. Сұрастыра келе табармын деп ойлады.

Пойыз Ақмолаға кештетіп жетті. Қыстың қысқа күні батуға таяп қалған. Бұрын болып көрмеген қалада адресі де белгісіз, өздері былтыр ғана көшіп келген қыр қазағының үйін атымен ғана тауып алармын деуі беркерең айналып бара жатқанын Сембай қарандырып

қоюлана түскен сайын айқын сезінді. Басқа барап жері болмағандықтан, көшеде кездескен егде бір қазақтан «қазақ ауылдары қайда?» деп сұрап еді, ол бұның бетіне бажырайып қарап тұрып:

— Қазақ үйлерінің көпшілігі қаланың осы жақ шетінде. Іздегенің кімдікі еді? — деді.

— Тәжікей деген кісінікі, — деді Сембай жөпелдемеде аузына өзге сөз тұспей.

— Оның үйі анау жерде, қашық емес, — деп, әлгі кісі батыс жақтағы үйлердің бірін нұсқады. Сембай нұсқау бойынша жобалап келіп, бір үйдің есігінің алдында тұрган әйелден:

— Тәжекендікі қайсы? — деп тағы сұрады. Ол:

— Анау үлкен қақпала үй, — деді де, үйіне кіріп кетті.

«Енді ешкімнен сұраудың қажеті жоқ, көп әурелбей тапқаным жақсы болды-ау» деп қуана жүріп, Сембай үйге қазақтың салты бойынша «Ассалаумагалейкум» деп кіріп келді. Үйдің жылы лебі бетке үрғанда сыртта әжептәуір аяз барын жаңа сезінгендей болды Сембай. Құлағы да дуылдап кеткендей ме қалай? Манадан осы үйді қалай табамын деп жанұшырып жүріп, сұықты елемегенге ұқсайды. Ауызғы үйде бір келіншек пен бойжеткен қыз жүр екен. Бұрын көрмеген адамдары. «Тәжікейдің бұндай келіні де, қызы да жоқ еді ғой, басқа үйге шатасып келгем ғой» деп топшылаған Сембай «енди жеті тұнде қайда барамын, не де болса осында қонайын» деген ойға бекініп, сырт киімі мен құлақшынын шешіп, ешкімнің рұқсатынсыз-ақ төргі бөлмеге қарай өтті. Пеш түбінде бір биік орындық түр екен, соған барап жайғасты. Бойы енді жылына бастағаны сол еді, қайдан шыққаны белгісіз, бір бала қасына жетіп келді. Жасы төрт-бестер шамасында. Әлгінде келіншек әкеп жағып кеткен шамның сөүлесімен шағылышқан жүзінен өткірліктің нышаны аңғарылады. Келе ол мұның тізесінен тұртіп:

— Сен кімсің? Қайдан келдің? Неге отырсың мұнда? — деп сұрақты жаудырып берді.

— Мен — құдайы қонақпын. Алыстан келдім. Жы-

лынып отырмын, — деді Сембай ауыз үйдегілер де естісін дегендей даусын көтеріңкіреп.

— А-а, — деп қайта жүгіре жөнелген бала, енді үйге жаңа кірген бір кісіден:

— Ата, ана жақта бір кісі отыр. Мен танымаймын. Өзі құдайы қонақпын дейді. Ол не? — деп сұрап жатыр.

— Бұрын таныстығы жоқ адамды құдайы қонақ дейді, — деген әлгі кісі шешініп болған соң, Сембайдың қасына келді. Қапсағай денелі, қыр мұрын, со-пақ бет, шоқша сақалы мен мұртына аздап ақ кірген егделеу адам екен, Сембай орнынан ұшып тұрып, қал-балақтап сөлем берді. Үй иесі төрде төрт қабат бүктеулі жатқан көрпенің үстіне жайғасып алған соң, жөн сұрауға кірісті.

— Балам, қай жақтан келесің?

— Жаңаарқадан.

— Қай рудансың?

— Алтаймыз.

— Ой, шырағым-ай, Жаңаарқадан болғаннан кейін, Алтай екенің белгілі ғой, оның ішінде қайсысы?

— Қалыбекпіз.

— Е-е, онда құда болдың ғой!

Сембай тілеуім берді дегендей жымың етті. «Қарға тамырлы қазақ сайтанды да өзіне туыс қылып алатын шығар» деп ойласп ұлгерді. Сөйткенше болмады, шал тағы сұрады:

— Қалыбектің қайсысындар?

— Талас боламыз

— О, онда тіптен жақын құда болдың, — деп біраз дамылдап отырғанда, бөлмеге шал құралпы бір кемпір келіп кірді. Амандықтан соң, ол жайласып отыра бергенде шал:

— Мына бала құда көрінеді. Молдарақымның інісі екен, — демесі бар ма!

— Шырағым-ай, ел-жүрт аман ба? Қашан келдің?

— деп кемпір де бөйек бола түсті, — Салтанат-әй, шайынды тездет.

— Кешке пойыздан түстім. Тәжікей деген ауылда-

сымыз бар еді, мұнда былтыр көшіп келген, соның үйін іздеп жүріп, осында тап келдім, – деді Сембай қалай келгенінің мән-жайын түсіндірмек болып.

– Оқасы жоқ, ботен үйге келген жоқсын, – деді шал.

– Молдекем де осы арада еді ғой. Үй-іштері аман ба? – деді Сембай үнсіз отыруды ретсіз көріп.

– Аман, аман, – деп, шал бұған ошарыла бұрылды, – сен оларды қайдан білесің?

– Молдарақым туысымыз ғой, неге білмеймін, – деп құле жауап берген Сембай, шалды иландыра түскісі келіп, – Жаңыл деген жеңгеміз бар, Қамила деген шешеміз бар, Молдекемнің бір ағасы, екі інісі және бар, – деп шұбырта жөнелді.

– Дұрыс, дұрыс! – деп шал басын шұлғи берді. – Біздің Молдарақым сениң туысын еken. Емешен үзіліп отырса, ертең баراسын ағандікіне. Үйі осы маңда.

– Екі інісі соғысқа аттанып кетті. Олардың да семьялары осы қалада. Молдарақым – мектеп директоры. Жаңыл – мұғалім, – деп кемпір де сөз косты, – Біз де екі баланы майданға жібердік. Әлгі жүрген – немереміз. Ана бала – келін, – деп, ауыз үй жақты иегімен нұсқады да, шай жасап жүрген қызды қолымен көрсетіп, – мынау – кенже қызым, – деді. Соңан соң, соғыстың елге тигізіп отырған зардабын, жұрттың күйзеліп-ак қалғанын, жаудың бетінің тым қатты екенін айта келіп, үлкен қызының күйеуінен үш-төрт айдан бері хабар болмай, аландаулы екендіктерін айтып, көзінің жасын бір сығып алды. Біраз үнсіз отырды да:

– «Момынның ақысын бөрі жемес» деуші еді бұрынғылар, қайдан білейін, шырағым, ақырын онғарсын! – деп бір күрсінді де, «Ой, құлындарым-ай!» деп тағы да кемсөндеп кетті.

– Жә, жетер! – деп қалды шалы. Дегенмен, үйдің іші көңілсіз қалыптан арыла алмады. Шай іше отырып, Сембай әңгіме тізгінін өз қолына алды.

– Молдекемдерге қандай жақындықтарының бар? – деді ол шалға қарап.

– Молдарақымның шешесі Қамила – менің туған

апам, — деді Тәжекен. — Таңертең үйқын қанған соң алып барады мына Досан, — деп немересінің арқасынан қақты.

— Қайда? — деп атасына жалт қарады бала.

— Әпкен үйіне.

— А, мен ертіп апарам, — деп мағұрланып қойды Досан ертең үлкен шаруа тындыратыныңына сенімді жандай. Қанша суыртпақтағанмен, Нагила жайын біле алмайтынына көзі жеткен соң, Сембай бұдан әрі қазбалауды жөн көрмедин.

«Молдекемнің үйінде бір қыз жиендері бар еді, ол қайда қазір?» деп бір сұрағысы келді де, ол ойынан тез айныды.

«Мынадай аласапыран уақытта, елдің баласы соғыста жүргенде, бұл ерігіп, қыз сұрағаны қалай?» деп жаман ойлап қалар бұлар. «Не де болса таң атқан соң білермін» деген тоқтамға келді Сембай.

Қонақасын жеп, кеш жатса да, Сембай көпке шейін көз іле алмады. Кірпігін айқастырса-ақ Нагила елес береді. «Сол баяғы ақ бантікті бұртиған қыз. Бұл жолы алдадың деп емес, жиyrма қадам жерде тұрып, жаңыма тез келмедин» деп бұртиятындай. Ойымен арпалысып жатып үйықтап кеткен екен, оянса сағат он болыпты. Келіншектен басқа үйде ешкім қалмапты. Ол байғұс кайнаған шайнекті пештің үстіне қойып, мұның тұруын күтіп отыр. Шай үстінде Салтанаттан сыр тартқысы келген Сембай:

— Ағайдықінде өздерінен басқа ешкім бар ма? Олар жұмысқа кетсе, мен қайтем? — деді. Айтарын айтып қалса да, «әпкем болатын шығар» дейді-ау деп ойлағанша, келіншек:

— Таза ешкім қалмаса, бір татар кемпір болады, — деді. Шай ішіліп болған соң, Салтанаттың көрсетуімен келген Сембайды ол үйде расында татар кемпірі қарсы алды. Алдын ала мән-жайды біліп алған Сембай:

— Үй-іші қайда кеткен? — деді босағада іркіліп, ешкім жоқ болса неменеге кірем деген оймен.

— Қожайындар жұмыста. Бабушка с внучкой на базаре, — деді кемпір қазақша мен орысшаны аралас-

тырып. Бабушканың Қамила екендігі белгілі, «внучкасы кім?» біліп алайын деп ойлад:

— Что за внучка? — деді ештеңеден хабарсыз жандай. Әйтпесе, орыстардың жиенді де внучка дей беретінін билетін.

— Разве не знаете? Нагила! — деді кемпір енді таза орысшаға көшіп.

— Білем ғой. Ол базарға неге барады? Сабағы қайда? — деді Сембай таңданысын жасыра алмай.

— Какой сабақ, когда война?! — деді кемпір қолын бір сілтеп. Сембай ойланып қалды. «Тоғызды бітірген соң мектепті қойған жалғыз бұл емес, қыздардың да оқуға мүршасы жетпейтін болғаны ғой. Сүм соғыстың ланы де бұны да». Сосын кемпірге қағаз-қалам алдырып, өзінің мұнда не шаруамен келгенін, кешке қарай соғатының жазып, сонына «Сембай Рысмағанбетов» деп қол қойып, әлгі қағазды ауыз үйдегі биік столдың үстіне апарып қойды.

Сыртқа шығып, «енді не істесем екен?» деп ойланды. Күн әлі ызғарлы еді. Шығыстан соққан жел өңменнен өтердей. Күннің жылтиып тұрғаны болмаса, жылуы жок. Лезде-ақ денесі тоқази бастады. «Қой тұра бергенше базарға барайын, мүмкін, кездесіп те қалармыз» деп сілап, адымдай басып жүріп кетті. Қолындағы сомкесін екі қолына кезек ауыстырады. Қолғабы болса да тұтқа ұстаған қолы тез тоңып қала береді. Бос қолын пальтосының қалтасына салып жылтыып алған болады. Желкесінен сұық үрлей берген соң, жағасын да көтеріп алған. Бірақ құлақшыны түрулі қалпында. Не де болса шыдауға бекінген. Ойда жоқта Нағилаға ұшыраса қалса, ұят емес пе?! Құрғақ аяздықі ме, аяқ басқан сайын қар сықырысықыр дыбыс шығарады. Біраз жүргеннен кейін қала сыртындағы базарға да жетті-ау. Жолай бірнеше адамнан сұраған. «Сұрай-сұрай Меккеге баарсың» дегеннің кері.

Базар іші ығы-жығы. Бір шетінен жағалап келе жатқан Сембайдың көзі тауарларда емес, қыз-келіншектерде. Әрқайсысының жүзіне үңіле қарайды. Бес жыл көрмеген Нағиланы тани қоюы да қын

екенін ойлағанда өзін қоярға жер таппайды. «Бірақ көз алданғанмен, жүрек сездіруге тиіс қой. Ол да мені, бәлкім, шырамытып, қасыма келер» деген ойы да жоқ емес. «Қыз бала тез өзгергенмен, ұлдар онша өзгермейді» деп түйеді іштей. «Демек, ол мені тануға тиіс».

Базарды бір сағаттай шарлап жүріп, таныс ешкімді жолықтырмаған Сембай енді не де болса шығар ауыздан күтуді жөн көрді. Тұскі үзілістің уағы таянған. Елдің көвшілігі үйлеріне қайтуға тиіс. Енді қақпаға қарай асыға басып келе жатқанда, басында қоңыр түбіт шәлісі, үстінде қара пұліш пальтосы, аяғында қара пимасы бар бір жас келіншек саудагер өйелмен өнгімелесіп тұр екен. Асығып келе жатса да, Сембайдың көзі өлгіге тұсті.

«Көздері үқсай ма қалай Нагиланықіне? Бірақ жас қызы сияқты емес. Қой ол емес шығар» деп қасынан өте беріп, тағы да бұрылып қарады. Ол да бұған қарап қалыпты. Өзіне жігіттің сонша тесіле қарағанынан именді ме, әлгі іле басын бұрып әкетті. Сембайдың жүргегі сол сәт өзінен-өзі қатты-қатты дүрсілдеп қоя берді. «Құдай-ау, жаңағы Нагила ғой! Негіз қасына жетіп бармадым. «Сізді біреумен шатастырып тұрған жоқпын ба?» десем, жетіп жатқан жоқ па еді. «Озі-ақ айтатын еді ғой кім екенін» деп тыптырыштындай. «Нагила апасымен бірге кетті демеп пе еді. Қамекен қайда қалады сонда?» дейді екінші бір ойы басу айтқандай. Артына қарай-қарай базар қақпасының жанына да келді. Кірген жұрттан шыққан кісі көп. «Нагиланы жыға танымасам да, Қамекенде танырмын» деген үмітпен Сембай да тұра берді. Бір кездे қолындағы таяғына сүйенген, артына қарайлай-қарайлай өзіне жақындаپ қалған бір кемпірдің жүзіне көзі тұсken Сембай «осы кісіні қайдан көрдім» дегендей, танырқап қалды. Қарт ана «әлгі бар болғыр қайда кете қалды?» деп бұған жақындай берген. Ақыры Сембайдың қасына келіп тұрды. Екеуі бір-біріне тіл қатқан жоқ. Осыдан он жыл бұрын кірген Қамиланы Сембайдың танитын да реті жоқ еді. Ал кемпір болса жас жігітті қайдан білсін?! Екеуі де арт жақтан көз алмайды.

Кемпір анда-санда «Қап!» деп қояды. Онысы қасындағысынан қапыда айрылып қалғандығына өкініші ме, жоқ әлде бір жерге баратын болып, кешігіп қалғанына дегбірсіздене ме, әйтеуір біреуді ізденеп тұрганы анық. Сембай болса «мұның іздегені манағы келіншек болып жүрмесін» деп ойлады. Бір кезде қоңыр шәлілі келіншек те жүгіре басып жетті-ау кемпірдің жаңына. Кемпір ренжіген болып:

— Нагила-ау, не болды сонша айналып? — дегендеге, Сембай не істерін білмей, мелшиді де қалды.

— Бір таныс келіншекпен жолығып қап, — деп, Нағила кемпірді қолтықтаған қалпы, Сембайға мойын бұрып та қарамастан, ілгері жүріп кетті. Жігіт сондарынан еруді әбес көріп, кідіріп қалды. Бір көруді арман еткен Нағиламен амандасуға да жарамағанына іштей қыжылдайды. «Шыныменен танымашаны ма? Таныса да, жорта істеді ме еken? Өзі күйеуге тиғен-ау шамасы. Толысып кеткен бе қалай? Тұрмыста болса, нағашысының үйінде неғып жүреді? Бәлкім, күйеуі соғысқа кеткен шығар». Ойы сан-саққа жүгіреді. Бір тиянақ болсайшы. Ақыры «кешке соғармын» деп хат жазып кеткені есіне түсіп, күн батқанша қаланы ара-лауға бекінді. Әрі қолындағы сөмкеден құтылмақ ойда еді. Оны осында әскерге жаттығудан өтіп жатқан Ақатай деген бір ағайынға жеткізіп беруі керек-ті.

Ақыры ойлаған шаруасын бітірген сон, Сембай «көрген жерде ауыл бар» дегендей, Молдарақымдықіне күн үясына отырмай тұрып жетіп алды. Жолай «дұрыс қабылдай қойса жақсы, он қабак танытпаса қайда барам?» деп те ойлаған. Нағиламен де хат алыспағалы алты айдай болыпты. Соған ренжуулі ме еken, манағысы несі? «Қазір қайтер еken?»

Сембай сәлем беріп кіріп келгенде, ағасы мен женгесі де, шешесі де үйінде еken. Өуелі үлкен кісінің қолын алмаққа еңкейе беріп еді, Қамекен бас салып көріссін. «Жақсының көзі-ау, қайдан жүрсін?» дейді. Одан босанып, ағасы мен женгесіне амандасты. Жаңыл ас-судың қамымен шығып кетті де, Қамила мен Молдарахым екі жақтап елдің амандығын сұрап, тауыса алар емес. Шама-шарқынша жауап беріп отырған

қонақ жігіт бірденеге көнілі толмағандай енжар еді. Есік жаққа жалтақтап қарай береді. Кіріп-шығып жүрген Жаңылды қайта-қайта Нагила емес пе екен деп қала-ды. Онысынан мыналар секемденіп қалмай ма деп те ойлайды. Біраз уақыт өтсе де, бұл үйдің жиен қызы келер емес.

«Күйеуге тиіп кеткен шығар» деген манағы ойы қайта тіріліп, мазалай бастады. Сұрауға батылы жетер емес.

«Мана сізді базардан көрдім. Шырамытқанмен, анық танымыған соң, жаныңызға бармадым. Сондағы қасы-ныңдағы кім? деп сұрасам қайтеді» деп те оқталды. Ондай сұрақ коюға әңгіменің орайы келетін емес. Әбден тығырыққа тіреліп, «бір хабарын қалай білсем екен?» деп отырғанында екі көзі танадай бол жарқ етіп, Нагила кіріп келе жатты үйге. Қасында кешегі Тәже-кең үйіндегі пүшық қара қыз. Оның жанында Нагила толған айдай аппақ екен. Екі қыз қонақпен сыртайы амандастырып, төргі бөлмеге өтті. Сәлден соң киім ауыстырып қайтып келіп, женгесіне шай жинасуға кірісп кетті.

— Жәмила, сен қонақпен әңгімелесе отыр, — дейді қуақыланып. Анау қысылды ма, отырайын деп жаткан жерінен қайта тұрып:

— Мен де Жаңылға көмектесейін, — деп Нагила-мен қабаттасып шығып кетті. Екі қыздың қылышына мән беріп отырған үй иелері жок, ауылдың жаңалықтарын білуге құмарланған қалыптары. Ескілік-тегі бір оқиғаларды естеріне түсіріп, мәз болысады. Сембайдың көнілі алаң. Нагиланың бұлай салқын қарсы алуын жақсылыққа жори алар емес. «Ең болмаса қол беріп те амандаспады. Мүлдем танымайтын адамша мұнысы не екен?» деп толғанады. «Мына бетінде тілге келмestен қоштасатын түрі бар-ау. Әр хатында сағындым дейтіні қайда? Әлде қыз біткеннің бәрі осындей, «ішімдегіні тап» дейтін қытымыр ма? Әлде, нағашыларының көзінше ашыла алмай ма? Мүмкін, оның да жүрегі менікіндей алып-ұшып жүрген шығар. Қыз баланың осындей ибалы болғаны да дұрыс-ау!»

Жататын да мезгіл сокты. Қонаққа оңашалау бір бөлмеден орын тиді. Мана ас ішерде қол шаюға шыққанда көрген: үй ұлкен екен, бес-алты бөлме бар-ау деп шамалаған.

— Төсегің мына жерде. Шаршаған шығарсың, дем ал! — деп ағасы жетелеп әкелгендей қылып бір бөлмеге кіргізіп, есігін тартып жауып кеткен соң, қайда тырп ете алсын. Сембай төрге салынған жертөсекке келіп қисайды. Үйқы безіп кеткен, әйтеуір бос жатыс. Торға қамалған арыстандай алас ұрады. Откен түні жиырма қадам жердегі үйге бармадым деп өкініп еді, енді келуін келіп алып, бір табактан дәм тата отырып, «ләм» десе алмағандықтарына қүйініп жатыр. «Бүйтіп дем алғаны құрысын!» дейді. Бір кезде бұл жатқан болменің есігі шалқасынан ашылды да, электр шамы жарқ етіп жанды. Келген Нағила екен. Есік жаққа таяу тұрған шкафтан бірдене іздеп жатқан сияқты. Сембайға қарап құліп қояды. Сол сөтті пайдаланып, «бері келсейші» деп ымдаған еді Сембай, қыз сүқ саусағымен ана жакта отырғандарды нұскап, қабағын түйіп, «болмайды» дегенді басын шайқап ұқтырып, іздеуін жалғастыра берді. Амалсыздан сыйырға көшкен жігіт:

— Қай болмедесің? — деді үздіге сыйырлап.

— Таба алмайсың, мен өзім, өзім, — деді қыз күбірлеп. Сол екі ортада Молдаракымның даусы естілді:

— Анау қалың қара кітаптың арасында еді ғой.

— А, міне, таптым, — деді Нағила іздеген қағазын алып, шамды сөндіріп, жігітке «қимылсыз жат» дегенді ыммен ұқтырып, жылдам басып шығып кетті де, есікті мықтап жауып қояды. Қараңғы қапаста қалған жігітті тағы да ой торыды. Бастапқыда:

«Бәсе, мен білетін Нағила өстүге тиіс еді ғой. Ел жатқан соң өзім келемін дегені — мені сүйетіндігінің белгісі. Мана жұрт көзінше сезімін тежей білгені қандай орынды болған. Қазір келгенде не айтуым керек? Ол не дер екен?» деп тәтті қиял жетегіне ерді. Ұақыт өте келе көңіліне күдік кірді. «Мені тырп етпесін деп ал-дап кетті-ау мына қыз. «Өзі соғысқа бара жатып, дәмесінің зорын. Сені осылай қатырайын. Ертең он-